

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі"
республикалық мемлекеттік мекемесі туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 5 қазан N 1522. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1036 қаулысымен. ~P021036

Мемлекеттік мекемелердің қызметін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесіне қатысты уәкілеттік берілген орган болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесін 1999 жылға арналған республикалық бюджетте оны ұстауға көзделген қаражаттың шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334 қаулысына 1-қосымшаға тиісті өзгерістермен бірге Үкімет шешімінің жобасын енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 1-тармақшасы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.11.20. N 1756 қаулысымен. P991756_

2) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі

агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 892
P990892_

қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі

агенттігі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесіне қатысты уәкілеттік берілген орган болып табылады".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.